

Түркістан облысы

Төлеби ауданы

«Мәдени жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік
мекемесінің педагог-психологы Тленчиев Меирбектің 2024-2025
оқу жылында атқарған I тоқсан қорытынды есебі

Мәдени ауылы

2024-2025 оқу жылы

Мәдени жалпы білім беретін мектебінің педагог-психологы Тленчиев Меирбектің 2024-2025 оқу жылындағы I тоқсан қорытынды есебі.

Қазіргі таңдағы білім берудің мақсаты - жеке тұлғаға бағытталған, яғни танымдық қызметке деген тұрақты қызығушылығы қалыптасқан, өз бетімен бағдарлай, қызмет жасай білетін, өздігінен даму дағдыларды меңгерген жеке тұлғаны тәрбиелеу.

Қыркүйек айы

2024-2025 оқу жылында мектебімізде психологиялық қызмет бойынша педагог - психологтың жылдық жоспары бекітіліп, айлық жоспар бойынша оқушылардың танымдық процесстерін зерттеу және диагностикалық жұмыстар жүргізу, 1 және 5 сынып оқушыларының мектепке бейімделуі және мектептегі оқушылардың, мұғалімдер мен ата-аналардың қарым-қатынасын нығайту, бір-біріне түсіністікпен қарап әрбір тұлғаның өзіне деген сенімділігін арттыру, өмір құндылықтарын жетік түсініп, оларды қастерлей білуге үйрету мақсатында жұмыстар атқарылды.

Оқу жылының басында оқушылардың мектепке психологиялық ахуалын қалыптастыру. 1- сынып оқушыларының мектепке бейімделуін, 5 - сынып оқушыларының орта буынға бейімделуін, оқушылар мен мұғалімдер арасында түсініспеушіліктердің алдын алу жұмыстары жүргізілді.

Жаңа оқу жылының басталуы бойынша жалпы 8-11 сынып оқушыларымен «Құқық бұзушылықтың алдын алу бойынша» жиналыс өткізіліп, жиналысқа мектеп басшысы мен орынбасарлары, мектеп инспекторы, психолог және мұғалімдер қатысып, жаңа оқу жылына қойылған мақсаттар мен міндеттер бойынша және құқық бұзушылықтың алдын алу бойынша түсіндірме жұмыстары жүргізіліп, кеңестер айтылып, көңілді ойын-жаттығу жүргізілді.



1 - сыныптардың ата- аналарына оқушылардың мектепке бейімделуі туралы кеңестер берілді. 1- сынып оқушыларының мектепке бейімделуі бойынша дайындалған кеңес парақшалары таратылып, презентациялық бейнеролик

дайындалып, ата-аналар чатына жіберілді. Ата-аналар тарапынан қойылған сұрақтарға жауап беріліп сұхбат жүргізілді.

5- сынып оқушыларының ата-аналарына да «Бала тәрбиелеудің он ережесі» тақырыбында кеңестер айтылып, кеңес паракшалары таратылды.

Мектепте ерекше оқытуды қажет ететін оқушылардың тізімін анықтап, жоспарға сәйкес психологиялық-педагогикалық зерттеу жұмыстары жүргізілді, мінездемелері, әлеуметтік карталары толтырылды.

1-сынып оқушыларын оқуға дайындығын анықтау мақсатында «Керн-Йерасек» тесті алынып, қорытындысы бойынша жеке жұмыстар жүргізілді.



№	Сынып	Оқушы саны	қыз	ұл	Даярлық тобы	Бала бақша-дан	Үй-ден келген	«Д» есеп-те	Тілінде мүкісі бар	Оң қол	Сол қол
1	1	27	13	14	25	-	2	1	1	24	3

«Керн-Йерасек» әдістемесінің қорытынды мониторингі

№	Сынып	Оқушы саны	Жоғары	%	Орта	%	Дамытуды қажет ететін	%
1	1	27	19	70,3	7	26,0	1	3,7

100,00%
50,00%
0,00%



Жоғары



Орта



Дамытуды қажет ететін

Бес терек жобасы бойынша Төлеби ауданы адами әлеуетті дамыту бөлімінің бұйрығына сәйкес мектепшілік бұйрық шығарылып, іс-шара жоспары жасалынды. Жоспарға сәйкес, «Бес терек» жобасы аясында кабинеттік талдау жұмыстары басталып, 1-кезең бойынша сынып жетекшілер толтыратын тізімі туралы түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

Сонымен қатар, диагностикалық зерттеу жұмыстары. «Бес терек» жобасы аясында кабинеттік талдау бойынша:

- Әлеуметтік педагогтың мәліметтері
- Мектеп инспекторының тіркеудегі отбасылар тізімі
- Мектеп инспекторның тіркеудегі оқушылар тізімі
- Медбике толтыратын тізім (Д-есебі) 5-11 сынып

Сынып жетекшілер толтыратын тізімдерін жинақтау және психологиялық жиынтық кестесі шығарылды.

«Бес терек» жобасы бойынша кабинеттік талдау есебі

5-11 сынып оқушыла- рының жалпы саны	Кабинеттік талдау (анықталған оқушылар саны)				
	Әлеуметтік педагогтың мәліметтері бойынша оқушылар саны	Мектеп инспекторының тіркеудегі отбасылар саны	Мектеп инспекторының тіркеудегі оқушылар саны	Медбике толтыратын тізім. Д-есебіндегі оқушылар саны	Сынып жетекшінің әлеуметтік желілердегі талдауында анықталған оқушылар саны
195	44	-	-	12	-

«Бес терек» жобасының II кезені далалық зерттеу жұмыстары бойынша 5-11 сынып оқушыларынан «Бес терек» сауалнамасы алынып, психолог көмегі қажет деген оқушылар жеке тіркеуге алынды.

Эссе жазу бойынша 5-7 сыныптар. «Менің отбасым», 8-9 сыныптар «Менің ең жақын досым», 10-11 сыныптар «Менің арманым» тақырыптарында эссе жазды. Оқушылардың эсселерін сынып жетекшілері жеке оқып шығып, позитив немесе негатив, нейтралды пайымдау бойынша қорытындысын жазып берді.

Эссе қорытындысы бойынша негатив және нейтралды пайымдаудағы оқушылар жеке тіркеуге алынды.



Далалық зерттеу (анықталған оқушылар саны)			
2.1. Эссе бойынша жалпы қатысушылар саны	Эссе бойынша тәуекел тобына алынғандар саны	2.2. Сауалнамаға жалпы қатысушылар саны	Оның ішінде психологиялық көмек қажет деген оқушылар
195	4	195	12

Жалпы алғанда кабинеттік талдау және далалық зерттеу жұмыстары бойынша қорытынды шығарылып, тәуекел тобына алынған оқушылар анықталды.

№	Мектебі	5-11 сыныптарда жалпы оқушы саны	жасыл деңгейге еңген бала саны	сары деңгейге еңген бала саны	қауіпті қызыл деңгейге еңген бала саны
1	Мәдени ЖББМ	195	48	12	1

5-сынып оқушыларының бейімделуін және бір-бірімен қарым-қатынасын анықтау мақсатында «Социометрия» әдістемесі алынды. Қорытындысы: Оқушылардың бір-бірімен қарым- қатынасы жақсы. Бір оқушы қалаусыз. Қалаусыз оқушы жеке тіркеуге алынды.3-4 сынып оқушыларның танымдық қабілеттерін анықтау мақсатында «Сандар қатары» әдістемесі алынды. Танымдық қабілеті төмен оқушылар жеке тіркеуге алынды

3-4 сынып оқушыларының таным процестерін қайта диогностикалау.«10 сөзді жаттау »әдістемесі,«10 сан» әдістемесі оқушылармен жүргізілді. Дарынды оқушыларға арналған «Табысқа жету қажеттілігі» тесті алынды. Оқушылардың арасында жасырын сауалнама алынды. Бастауыш сынып оқушыларының таным процестерінің динамикалық өсуі тесті алынды.

Кеңес беру бағыты бойынша жасалған жұмыстар.

Оқушылардың психологиялық жағдайын анықтау мақсатында жүргізілген сұрақнама бойынша кеңестер берілді. Сұраныстар бойынша, сынып жетекшілерге, мұғалімдерге, ата-аналарға, оқушыларға, жас мамандарға, жаңадан келген оқушыларға кеңестер беріліп отырылды. 4, 9, 11 сыныптарға ББЖМ және ҰБТ – ге байланысты топтық және жеке кеңестер беріліп отырылды. Мектеп әкімшілігін диагностика қорытындысымен таныстырып, пән мұғалімдері мен сынып жетекшілеріне кеңестер беріліп отырылды. Дарынды балалармен, ерекше назардағы балалардың ерекшелігі бойынша пән мұғалімдері мен ата-аналарына психологиялық қолдау жұмыстары жүргізілді.

«Бес терек» жобасы бойынша жүргізілген жұмыстар бойынша анықталған оқушылармен жұмыс жүргізу бойынша пән мұғалімдер мен сынып жетекшілеріне кеңес берілді.

Ағартушылық – профилактикалық бағыт бойынша.

ҰБТ және ББЖМ тапсыратын оқушыларды психологиялық тұрғыда дайындау мақсатында баяндамалар оқылып, түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Құқық бұзушылықтың алдын алу және болдырмау мақсатында мектеп инспекторының қатысуымен 8-11 сынып оқушыларымен жиналыс өткізілді. Пед.ұжыммен «ұжымдағы сыйластық қарым-қатынасы» тренингі өткізілді. Ағартушылық – профилактикалық бағыт бойынша жылдық жоспары бойынша өз уақытымен тренингтер, жаттығулар, ойындар, баяндамалар жүргізіліп отырылды. Жүргізілген жұмыстар бойынша хаттама, анықтамалар жазылып отырылды.

Түзету-дамытушылық бағыт бойынша.

Бірінші сыныпқа қабылданған балаларға арналған психологиялық «Досыңды тап», «Ұяшық», «Ертегі құрастырайық» ойын жаттығулар өткізілді.

Бесінші сынып оқушыларымен «Біздің бесінші сыныптағы тұлғалық дамуымыз» атты тақырыпта тренинг өткізілді.

«Отбасы - бақыт бесігі», «Баланың бас ұстазы-ата-ана» атты тақырыпта ата-аналармен тренинг өткізілді. Бастауыш сынып оқушыларының танымдық қабілеттерін дамыту, Бесінші сынып оқушыларымен бойында жағымды қасиеттерді дамыту ойын жаттығулары өткізілді. Үйде оқытылатын оқушылардың зейінің дамыту мақсатында сабақтар өткізілді. Бесінші сынып оқушыларымен «Ерекше бесінші сынып» атты тренинг өткізілді. Жылдық жоспар бойынша жаттығулар, баяндамалар өз уақытымен жүргізіліп, хаттама анықтама уақытында жазылып отырылды.



Әлеуметтік диспетчерлік бағыт бойынша.

Үйде оқытылатын оқушылардың құжаттары реттелді. (мінездеме, дәрігерлік тексеру, түзету-дамыту сабағының жоспары жасалды.) Алынған жұмыстарға интерпретация жүргізілді, кабинеттік талдау нәтижесін қорытындылары жасалынды. Мектепке оқуға психологиялық дайындығын анықтау бойынша талдау жұмыстары жүргізілді. Сенім жәшігі туралы оқушыларға түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Үйде оқытылатын оқушылардың психологиялық даму деңгейі анықталды. «Ақыл-ой даму» тесті Э.Ф.Замбиявич жүргізілді. Бестерек жобасы аясында далалық зерттеу жұмыстарын аяқтау, қорытындылау жұмыстары жүргізілді. Мектеп оқушыларының психологиялық дамуының жеке және топтық карталары құрылды.

Мектеп директоры

Педагог-психолог

С.Стамкулов

М.Тленчиев

